




3-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ЭСТЕТИКА

Шынайылыққа эстетикалық қарым-
қатынас





Жоспар:

1. Эстетикалық қызмет формалары
2. Эстетикалық және көркемдік қызметтердің арақатынасы
3. Дизайн

Дәрістер курсы бойынша Юрий Боревтың «Эстетика» оқулығында қарастырған тағы да бір мәселесі Шынайылыққа эстетикалық қарым-қатынас. Бұл жерде ең алдымен **1. Эстетикалық қызмет формалары туралы баяндалады.**

Эстетикалық қызмет әмбебап – бұл адамның жалпыадамзаттық мағынасы бар қызметі.

Эстетикалық қызмет – карнавал, үйлену тойы немесе жерлеу рәсімдері, этикетке сай іс-әрекет сияқты көркемдік-тәжірибелік; өнер туындыларын жасау сияқты көркемдік-шығармашылық; дизайн сынды көркемдік-техникалық; туындыны қабылдау түріндегі көркемдік-рецептивті; шынайы пейзаждың сұлулығын қабылдауды білдіретін рецептивті-эстетикалық; жеке талғам мен идеалдарды қалыптастыру, талғамдық ой-пікірі мен бағасын беру сынды рухани-мәдени; эстетикалық концепциялар мен көзқарастарды қалыптастырудан тұратын теориялық қызметтерді қамтиды.

Эстетикалық қызметтің ең шарықтау шегі – өнер. Бұл жерде адамның қызметі барлық уақытқа өзінің көріністері арқылы бірегей, керемет жаратылыс, өнердің ең үлкен жетістігін туындатушы көркем шығармашылыққа айналады. «Өнер арқылы адамдар бір-біріне өздерінің ойлары мен сезімдерін жеткізетіні жұртқа мәлім. Өнер мен сұлулықты барлық халықтар өз дамуының қандай сатысында болса да жасайды» деп профессор Бәтін Қазыханова өз зерттеулерінде атап өтеді.

Өнер туралы мәдениеттанушы-ғалым, профессор Бекет Нұржанов та өзінің пікірін білдіреді: «Біз өнерді табиғилықты көшіру, еліктеу, қайта жасауға бағытталған қызмет ретінде анықтай аламыз. Бұл сапада Аристотель айқындап кеткен. Алайда, ешқандай көшірме, тіпті қандай кемел болмаса да, дәл сол күйінде бере алмайды. Сондықтан да, көшірме мен түпнұсқа арасында арақашықтық әдейі сақталып отырады. Өнер көшірме мен түпнұсқаның дәл келуіне жол бермейді, себебі онда ол өз мағынасынан айырылып қалады. Осы арақатыстық өнерге мүмкіндік беретін негіз болып табылады». Демек, өнер табиғатпен байланыста дамитын адам қызметінің нәтижесі.

Келесі қарастырылатын мәселе **2. Эстетикалық және көркемдік қызметтердің арақатынасы.** Бұл ретте оқулық авторының өзіндік тұжырымдамасы бар. Мәселен:

А) Біріншіден, кейбір адамдар қателесіп эстетикалық және көркемдік қызметті теңестіреді. Бұл терминдер синонимдер емес.

Б) Бұл қызмет түрлеріне ортақ қасиеттер бар және оларды біртұтас ғылымда зерттеу керек. Өнерге эстетикалық қызметті қарсы қою қате.

В) Эстетикалық қызмет көркемдік қызметтен кең. Егер көркемдік қызмет эстетикалықтан кеңірек болса, онда көркемдік қызметте эстетикалық емес нәрсе бар. Алайда өнерде эстетикалықтан тыс құндылықтар жоқ. Өнердегі философиялық, саяси, моральдық, утилитарлық эстетикалық тұрғыдан жанданған және эстетикалық құндылықтар ретінде көрінеді.

Г) Көркем шығармашылық – эстетикалық қызметтің жоғарғы формасы. Эстетикалық қызмет тек қана сұлулық заңдары бойынша жүзеге асып, әдемілікті ғана туындатпайды. Эстетикалық қызмет көркемдік қызметтен кең, ол еңбекті, күнделікті тұрмысты, мәдениетті қамтиды деп өзіндік сараптама қорытындысын ұсынады.

Халықтың көркем шығармашылығы дегеніміз жеке тұлғаны ғана, шамалы адамдар ортасын ғана және тіпті қандай да бір тапты ғана, қызықтыратын болмыстың сол эстетикалық заңдылықтарының көрінісі емес, ол бүкіл халық бұқарасы үшін өмірлік маңызды болады.

Сондықтан көркемдік таным бүкіл халықтың өмірлік қажеттіліктеріне жауап беретін тақырыптарды қамтиды. Көркемдік танымның тақырыбында оның тұтастығының, біріктірілгендігінің, өнерді жалпы халықтық екендігінің, негізі қаланып қойған. Бұл туралы өз зерттеуінде В.Е. Гусев «Халық бұқарасының өнер туындысын қандай да бір бейнелі ойлау формасымен ғана тануға болмайды, ол бір мезгілде бірнеше формалармен, яғни, көркем сөз, бейнелі музыкамен тануға болатындығы осының айғағы», – деп атап өтеді.

Профессор Бәтін Қазыханова: «адамда әсемдік сезімі оның тарихи даму үдерісінде жетіліп отырады және өндірістік қызметіне байланысты жасалады, соның нәтижесінде сұлулық туралы пайымдар, эстетикалық талаптар өзгереді. Әр уақытта әр түрлі халықтарда әсемдікті қабылдау бірдей болмаған. Бұл қабылдауға белгілі бір дәрежеде өмір, еңбек, өндіріс шарттары және адамзат қоғамының дамушы мәдениеті



әсер етеді» деген ой айтады, демек, уақыт өте келе эстетикалық қызмет өзгеріске ұшырап отырады екен.

Қазіргі кезде кең өріс алып, заманауи адамдардың өмірінде елеулі орын алатын **3. Дизайн мәселесі Юрий Боров оқулығында жан-жақты сөз болады.**

XX ғасыр мәдениетінде оның даму ерекшелігін, сонымен қатар, қайталанбастығын көрсететін феномендер пайда болды. Дәл осындай құбылыс ретінде дизайнды атап өтуімізге болады. Бұқаралық сұраныс тауар нарығы дамуының прагматикалық қажеттіліктерінен пайда болып, заттар әлемін ғана емес, адамның әлеуметтік-мәдени өмір сүру тәсілін де өзгерткен дизайн аз уақыттың ішінде жалпы мәдени факторға айналды. Дизайн, бұқаралық қоғам тудырған, постиндустриалды өркениет дамытқан, нарық пен мәдениеттің жаңа жағдайларында дамитын, жаппай тұтыну, заттар мен адамның қоршаған ортасын эстетикалық түрде білдіруді үйлестірген феноменге айналды. Дизайн заттық әлемнің өзінше бір бұқаралық мәдениетіне айналды. Дегенмен, сәндік-қолданбалы өнер мен көркемдік белсенділіктен сериялық және функционалдық қасиеттерден бөлек, дизайн қазіргі заман мәдениетіндегі өнердің гуманистік бағытын білдіруге және жүзеге асыруға және адамның жаңа жағдайына сай адамның шығармашылық миссиясын ашуға қабілетті болды.

Дизайн – пайдалы және әдемі бұйымдарды көркемдік жобалау және өндіру үдерісі; индустриялық және техникалық салалар сияқты, адамның өнерден тыс эстетикалық қызметінің неғұрлым дамыған және басты саласы; өнімдердің пайдасы, қолайлылығы және әдемілігін ескере отырып өндірістік бұйымдарды даярлау; адамның индустрия құралдары арқылы сұлулық заңдары мен функционалдығына сай заттық әлемі; құрал-саймандарды, өндіріс өнімдерін, табиғи ортаны, бұқаралық өндіріс және тұтыну қажеттілігін, автоматизация мен стандартизацияның дамуынан туындаған қажеттіліктерді гуманизациялайтын эстетикалық қызметтің өндірістік түрі. Дизайн – қолданбалы өнер саласының шексіз кеңеюінің нәтижесі және оның өндірістік ортада дамуының, эстетиканың техникаға енуінің қорытындысы. Дизайн өнімнің формасын мақсатқа сәйкес, конструктивті логикалық ғана емес, эмоционалды айқын, эстетикалық тиянақты етіп жасайды.

Мәдениеттанушы ғалым, профессор Әлия Әлімжанова: «Эстетикалық мәдениет тек көркем мәдениет, өнер саласына ғана қатысты емес. Ол анағұрлым ауқымды мәнге ие. Тұрмыс, еңбек, отбасылық қарым-қатынас, табиғатты, адамды қабылдау – осының барлығы және тағы басқалары эстетикалық мәдениет түсінігімен тікелей және тығыз байланысты салаға тиісті. Ғылым, эстетикалық – табиғи және әлеуметтік бастамалардың тұтастығы екендігін дәлелдеді. Мұның көрінісін адамның объективті қызметке белсенді, заттық-әрекеттік қатынасын білдіретін мәдениет даму тарихы заңдылықтарының жүзеге асырылуынан байқаймыз» деп эстетикалық қызметтің адам өміріндегі маңызын атап өтеді.

Қолөнерші бұйымды дайындау үдерісін өзі бастап өзі аяқтайтын. Қазір ол – өнеркәсіптік өндірістің туындысы, қызметкерлердің, технологтардың, инженерлердің еңбегінің нәтижесі. Олардың әрқайсысының тар шеңберде мамандануы тұлғаның әмбебаптығының жоғалуына және даярланатын бұйымның эстетикалық тұтастығын жойылуына қатер төндіреді. Бұл қатерді Лондон өнеркәсіптік көрмесінің тәжірбиесін жинақтай отырып 1851 жылы Готфрид Земпер атап өткен: техникалық прогресс кезінде де заманауи өнімдер формасы мен тәжірбиелік қолданысы және мақсаттылығынан ата-бабаларымыздың өнімдерінен артта қалып отыр. Индустрия заттарды өндіру үдерісін жылдамдатты және оларды бұқаралық өндіріске айналдырды. Бірақ шебердің бірегей өнімінің орнына таңбаланған тауарлар өндірісі келді. Сән-салтанаттық зат болудан қалған өнімдер сәнділік деңгейден түсіп қалды және оны құрастырушының жеке тұлғалық ерекшелігінің көрінісі жоғалды. Сол кезде функционалды заттарды құрастырушыға заттарды эстетикалық тұрғыда әсемдей білген суретші көмекке келді. Идеалды тұрғыда суретші мен конструктор жаңа кәсіптің – эстетикалық дайындықтағы инженер, яғни, дизайнердің маманына бірікті.

Эстетикалық бастама автомашиналар мен телевизорларды өндіруден бастап, құрал-саймандар мен станоктарды жасауға дейін өндіріс пен оның барлық салаларына ене бастады. Бүгінгі күні өнеркәсіптің ешбер саласы утилитарлы және эстетикалық бастаманы біріктірген көркемдік құрастырушыларсыз жүзеге аса алмайды. Заманауи техника әлемі адамның әдемілікке деген көзқарасын өзгертті.

Кез-келген бұйымды өндіру – ойлап табу, құрастыруды, өндіріс технологияларын қажет етеді. Бұл шығармашылық ізденістер тізбегіндегі дизайнның орны – құрастыру, өнімнің бөлшектері арасындағы жаңа байланыстарды жобалау. Мұнда құрылымдық мақсаттылық және технологиялық тиімділік ескеріледі.

Дизайн бионика секілді техникада тірі табиғаттың формаларын пайдаланады, бірақ бионикадан ерекшелігі пайдаланылған формалар оларға мәдени өңделген түр береді. Форма дизайнының шынайы қоры – күнделікті тұрмыстың барлық әсерлері адамзаттың тәжірбиесінде өңделетін мәдениет. Түс, ырғақ, пропорциялар, масштаб, форма мен заттың мағынасы бір-бірінен ажыратылмайды. Олар – құрастырылған



кеңістікті ұйымдастырушы бастама, дизайнның басты факторлары. Түс өнердің тәжірбиесін, физиология мен психологияның жетістіктерін ескере отырып пайдаланылады. Түс заттың эстетикалық және функционалды сапасын арттырады немесе төмендетеді.

Цехтың эстетикалық мәнерлілігі жарық беруден және қабырғалардың, төбенің, станоктардың түстік безендірілуінен, құрылғылардың орналасу ыңғайына тәуелді. Мұнда түстің зат қызметі және өндіріс технологиясымен байланысы есептеледі. Ағылшындық фабрикант өзінің цехын кара түске бояған, бұл қызметкерлер арасында жүйке бұзылулары эпидемиясын туындатқан. Ұшақтардың салонын күн сәулелі сары түсе боямаған дұрыс, бұл вестибулярлы құрылғылардың жұмысын бұзады. Ыстық цехтарда жылы түстерді (қызыл, қызғылт сары) емес, суық түстерді (көгілдір, жасыл) пайдаланған дұрыс, олар адамның физикалық жай-күйін жақсартады және еңбекке қабілеттігін арттырады. Интерьердің түстік шешімдері дыбыспен, жарықпен, формамен біріктіріледі. Адам–түс–қызмет– кеңістік жүйесі маңызды.

Толық дизайн:

- 1) жобаланған идеяларды ұсыну;
- 2) жаңа функционалы құрылымды ойлап табу;
- 3) заттың стилдік безендірілуін қамтиды.

Суретші-конструктор «адамға адамшылықпен қарай алатын», яғни, эстетикалық құндылықтарға ие өнімдер мен еңбек құралдарын жасайды. Дизайн заттар мен адамдар арасындағы және адамдар арасындағы қарым-қатынасты жандандырады. Көркем құрастырылған заттарды пайдаланып адамдар өзі жасаған әлемде өзін кемелдендіре отырып, эстетикалық рахат күй кешеді.

Дизайн адамның өмірінің барлық саласы мен қызметіне енеді. Бұқаралық сипаты мен эстетикалық әсерінен ол тіпті телевидениені басып озады. Телекөрсермен болу үшін ең алдымен телевизор және бос уақыт болуы керек. Ал дизайнның әсерін сезу үшін біздің замандасымыз болуы жеткілікті. Дизайнның әсерінен аулақ болу мүмкін емес, өйткені, заманның мәдени дағдасынан ешкім бас тарта алмайды және дизайн арқылы жасалған жиһазсыз, ыдыс-аяқсыз, көлік құралдарынсыз қазіргі таңда тіршіліе ету мүмкін емес. Қасықтың, үстелдің, автомобильдің формасы қоғамның өмір формасы мен оның ойлау жүйесі мен қызметімен байланысты эстетикалық әсердің мақсаттары мен қолайлығына қызмет етеді.

Дизайн – кең қолдыныстағы тауарлар мен еңбек құралдарында көрініс тапқан қоғамның эстетикалық, ғылыми-техникалық деңгейі; эстетикалық кемелденген, ыңғайлы заттарды өндіру құпиясы, яғни, өндірістік масштабтағы өнімдерді жасау технологиясы; адамдарды индустриалды-эстетикалық тұтыну бұйымдарымен, біртұтас стилистикамен, біртұтас өмір бейнесімен біріктіретін қоғам ішіндегі бұқаралық коммуникация. Дизайн рухани және материалды, ғылыми-техникалық және технологиялық, гуманитарлы және индустриалды мәдениетті бір торапқа байланыстырады. Дизайн – олардың қиылысу нүктесі. Сол арқылы ол заманауи өркениеттің мәдени тұтастығын қамтамасыз етеді.